

38.9(5 Қаз)

ЖС 33

# ЖАСАМПАЗ ЖЫЛДАР ЖЫЛНАМАСЫ

Қарағандыға — 65 жыл



Қарағанде — 65 лет

## ЛЕТОПИСЬ ТРУДОВЫХ СВЕРШЕНИЙ

# ЖАСАМПАЗ ЖЫЛДАР ЖЫЛНАМАСЫ

Қарағандыға - 65 жыл



Қарағанде - 65 лет

# ЛЕТОПИСЬ ТРУДОВЫХ СВЕРШЕНИЙ

Қарағанды - 1999 ж.

Жасампаз жылдар жылнамасы/Құраст. А.Ж. Жанғожин, Е.С. Лұқпанов — Қарағанды: Болашақ-Баспа, 1999. — 96 б.

*Құрастырушылар:*

А.Ж. ЖАНҒОЖИН, Е.С. ЛҰҚПАНОВ, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаттары.

Л.В. МИХЕЕВА, облыстық мемлекеттік архивтің құжаттарды пайдалану және жарияланым бөлімшінің менгерушісі.

Қ.С. ТАЛДЫБАЕВ, Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары.

С.Д. ШАЙМҰХАНОВА, доцент, тарих ғылымының кандидаты.

*Пікір жазған:*

Ә.Ә. ӘБДІӘКІМОВ, тарих ғылымдарының кандидаты.

Кітап қаланың қалыптасуы мен дамуының қысқаша шежіресі болып табылып, Қарағандының 65 жылдық мерекесіне арналады. Онда мемлекеттік мұрағаттардың құжаттары, тарихи зерттеулер, мерзімді баспасөздің материалдары, сирек кездесетін оқиғалы фотосуреттер кеңінен найдаланылған.

Летопись трудовых свершений./Сост. А.Ж. Жангожин, Е.С. Лукпанов — Караганда: Болашақ-Баспа, 1999. — 96 с.

*Составители:*

ЖАНГОЖИН А.Ж., ЛУКПАНОВ Е.С., лауреаты премии Союза журналистов Казахстана.

МИХЕЕВА Л.В., зав отделом использования документов и публикаций облгосархива.

ТАЛДЫБАЕВ К.С., заместитель акима г. Караганды.

ШАЙМУХАНОВА С.Д., донент, кандидат исторических наук.

*Рецензент:*

А.А. АБДАКИМОВ, кандидат исторических наук.

Книга является летописью становления и развития города и посвящается 65-летнему юбилею Караганды. В ней широко использованы документы госархивов, исторические исследования, материалы периодической печати, уникальные событийные фотографии.

ISBN 5-7667-8543-7

© Жанғожин А.Ж., Лұқпанов Е.С.  
© Қарағанды маңызды білім беретін "Болашақ" институты  
РІО "Болашақ-Баспа"

## Оқырмандарға

Қазақстанның ірі өнеркәсіп және мәдени орталығы ретінде Қарағанды қаласының тарихы республика жұртшылығы үшін үлкен ынта тудырады.

Қарағанды көмір кеніші бұдан бір жарым ғасыр бұрын ашылған. Оны жан-жақты геологиялық барлау осы ғасырдың 20-жылдарында Мәскеу тау-кен институтының профессоры А.А.Гапеевтің жетекшілігімен басталды. Кеніштің 300 шаршы километрден астам аумағын зерттеу барысында ол үкіметке «...Қарағанды кеніші әлемдік маңыздағы бассейн болып табылады» деп баяндады.

Қарағанды көмір бассейні бүкіл елдің көмегіне сүйене отырып, қарышты кадамдармен дамыды. Донбасс пен Кузбасстың, Ленинград пен Мәскеудің, Днепропетровск пен Свердловскінің жұмысшылары, ғалымдары мен инженерлерінің көмегі арқасында көмір өндіру күннен күнге арта түсті, оны өндірудің технологиясы жетілдіріле берді. Сағым қуған сары далада шахтерлер қаласы мен жұмысшы поселкелері бой көтерді.

Қаланың қалыптасып, дамуы Қарағанды көмір бассейнімен тығыз байланыста болды. Қарағанды қала мәртебесін 1934 жылы алды. Содан бері 65 жыл өтті. Осы мерзімде қала жедел қарқынмен

өсті. Республика көмір өнеркәсібінің ірі орталығы болғаннан соң ол біртіндеп машина жасау және металл өңдеу, энергетика және көмір химиясының, дамыған құрылыс индустриясы, жеңіл және тамақ өнеркәсібінің де орталығы да болып, жоғары мәдениет пен озық ғылымның ошағына айналды.

Міне осы тұрғыдан алғанда көп ұлтты Қазақстанның ірі өнеркәсіп, мәдениет және ғылыми орталықтарының бірі — Қарағанды қаласының тарихы көкейкесті тақырып болып табылады.

Қала өзі өмір сүрген кезеңде адам танымастай өзгерді. Қазірде осы заманғы архитектуралық ансамбльдер, кеңданғылдар мен көшелер, биік қабатты үйлер мен жасыл желек көмкерген парктер мен скверлер көз жайнатады,

Қала аға ұрпақ өкілдерінің қолымен тұрғызылғаны белгілі. Қалада Қазақстан Республикасы Президентінің «1999 жылды Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы деп жариялау туралы» Жарлығын орындау жөнінде айтулы шаралар өткізілуде. Сол шаралар шеңберінде Қарағанды қаласының 65 жылдығы аталып өтілді.

Оқырмандарға ұсынылып отырған мына кітап қаланың қалыптасуы мен дамуының қысқаша шежіресі болып табылады. Онда мемлекеттік мұрағаттың құжаттары мен материалдары, тарихи зерттеулер, статистикалық мәліметтер, мерзімді баспасөз деректері, сирек кездесетін оқиғалы суреттер кеңінен пайдаланылған.

**Д.А.ШАЙМҰҚАНОВ,**

**ҚР гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор.**

## **ЖАСАМПАЗ ЖЫЛДАР ЖЫЛНАМАСЫ**

### **Қазыналы өлке**

1999 жыл Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы болып жарияланды.

Осы жылы Сарыарқа төріндегі алып индустрия орталығы Қарағанды қаласына 65 жыл толды. Қала аға ұрпақ өкілдерінің қолымен қаз тұрғызылды.

Облысымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуында Қарағанды көмір бассейнінің маңызы ерекше. Ендеше қала ғайыптан пайда болған жоқ, онымен облыстың тарихы бассейн тарихымен тығыз байланысты.

Қарағанды көмір кенішін алғаш ашушы Аппак Байжанов, ол 1833 жылы Нұра өзенінен оңтүстікке қарай Қарағандыбасы деген жерде тас көмір кесектерін табады.

Аппактың бұл олжасына әкесі мен туыстары жөнді мән бермеді, Бірақ көмірдің отқа жағуға жарамды екенін олар білетін. Бұл хабар орыс кепестерінің де құлағына жетеді.

1856 жылдың наурыз айында Қызылжар көпесі Н.Ушаков, өндірісші көпестер — Рязанов, Зотов және басқалармен бірге осы жерді сатып алады. Орыс көпесі өкілімен бай Игілік Өтеповтың арасындағы келісім-шартта былай делінген: «...Осы жерді өз еркімен бергені үшін көпес Ушаковтан 250 сом алды және олар да, мирасқорлары да Ушаков пен компаниядан ештеңе талап етпеуге тиіс...».

1856 жылы «Қара забой» деп аталатын Иванов ашық қарьері пайдалануға берілді. 116,3 пұт көмір өндірілді. Осы жыл Қарағанды көмір бассейнінде тас көмірдің өндіріле бастаған жылы болып есептеледі.

Сол жылы көпес Н.Ушаков Қарағанды көмір кенішінен 40 шақырым жерден Спасск мыс қорыту заводы құрылысын салуға рұқсат алады. Мыс кені Нілді қойнауындағы Өспен руднигінен өндірілетін болды, Сөйтіп, Қарағанды көмір кеніші Спасск мыс қорыту заводының отын базасына айналды.

Көмір өндіру өте төмен қарқынмен жүріп жатты. Қарағанды шахталарының жұмыс істеген алғашқы 30 жылында (1856-1886 ж.ж.) барлығы 302,8 мың тонна көмір шығарылды.

1886 жылы қарыздың өсіп кетуіне байланысты өкімет Рязановтардың барлық тау-кен кәсіпорындарын токтатуға шешім қабылдайды. Қарағанды көмір кеніші, Спасск мыс қорыту заводы және Өспен руднигі 12 жыл жабылып, бос тұрды.

1898 жылы Рязановтың мұрагерлері өз кәсіпорындарын қайрадан іске қосуға әрекет жасады, бірақ ХХ ғасырдың басында оған қаражаттары болмай қалды.

1904 жылы Францияның бұрынғы президентінің ұлы Клод-Эрнест Жан Карно патша Николай-II сарайындағы тамыр-таныстығын пайдаланып, Қарағанды кенішіне ие болады, бұл үшін ол орыс көпестеріне 766 мың сом төлейді.

Қарағанды көмір кеніші мен басқа кәсіпорындар 1907 жылдың шілдесінде Лондонда Джим Роберт ұйымдастырған негізгі капиталы 3 млн. фунт стер-

линг болып табылатын «Спасск мыс кені» акционерлік қоғамының меншігіне өтеді. 1908 жылы заводты оның отын базасы — Қарағанды көмір бассейнімен байланыстыратын ұзындығы 40 шақырым Қарағанды — Спасск тар табанды темір жолы салынды 1916 жылы Өспен руднигінен солтүстік-шығысқа қарай Жақсы Сарысу өзені бойынан салынған Сарысу байыту фабрикасы іске қосылды.

Ағылшындар Қарағандыда 1920 жылға дейін иелік етті. Жылдың басында Ақмола аумағына енетін Қарағанды өңірі ақ гвардияшылар мен интервенттердің қолынан босатығаннан кейін ағылшн алпауыттары Қарағандыны тастап кетуге мәжбүр болады. Ағылшындардан қопарылған және су толған шахталар мен басқа да іске алғысыз шаруашылықтар мирас болып қалды. Қарағанды шахталарында осы кезде небәрі 125 жұмысшы болған. Азамат соғысы жылдары Қарағандыда көмір өндіру мүлде доғарылды. Сөйтіп, 1929 жылға дейін көмір кеніші консервацияда тұрды.

### **Үшінші көмір ошағы**

Қарағанды мекені 20 жылдардың басында бір-бірінен алшақ орналасқан, орыстар, украиндар, қазақтар мекендейтін Үлкен Михайловка, Ескі Тихоновка, Зеленая Балка деп аталатын және т.б. шағын поселкелерден тұратын,

1920 жылы профессор А.Гапеевтің басшылығымен Қарағанды аймағында геологиялық-барлау жұмыстары жүргізіліп, Қарағанды тас көмір кеніші туралы тұңғыш ғылыми негізделген жұмыс жасалды. Мұның өзі Қарағанды бассейнінің жаңа тұрғыда дамуына негіз болды.

Елдің халық шаруашылығын дамытудың бірінші бесжылдық жоспарына сәйкес Қарағанды бассейні Магнитогорск, Башқұрт және басқа металлургия заводтарын кокстелетін көмірмен қамтамасыз ету базасы болып белгіленді. Қала құрылысы бассейнді өнеркәсіптік игерудің жалпы жоспарына енді.

1929 жылы Қарағандының көмір байлығын кеңінен пайдалану мақсатында КСРО Жоғарғы х/ш кеңесі Қазақстанда «Казстрой» тресін ұйымдастыру жөнінде шешім қабылдайды, ол 1930 жылдың желтоқсанында «Қарағандыкөмір» тресі болып қайта құрылады. Трестің басқарушысы болып Донбастың бұрынғы шахтері Корней Осипович Горбачев тағайындалады.

1931 жылғы 21 қаңтарында ХКК жанындағы Еңбек және Қорғаныс кеңесі «Қарағанды кенішін дамыту жоспары туралы» арнайы қаулы қабылдайды, онда КСРО Жоғарғы х/ш кеңесінің 1931 жылы Қарағанды ауданында 16 шахта салу жөніндегі шешіміне келісім беріледі.

БК(б)П Орталық Комитетінің 1931 жылғы 15 тамыздағы «Көмір және кокс ресурстарын молайту туралы» қаулысындағы: «Қарағанды бассейнінің географиялық жағдайы, көмірдің орасан мол қорының болуы, оның кокстелетіндігі, көмір қабаттарының қолайлы орналасуы Қарағанды көмір кенішінің негізінде КСРО-ның қуатты үшінші көмір базасын жасауды талап етеді» деп аталып өтілген. Осы тарихи шешімдер Қарағанды бассейнінің елдің отын базасын дамытудағы халық шаруашылық маңызын белгілеп, үшінші «Бүкілодақтық көмір ошағының» қауырт өркендеуінің бастауы болды.

Бассейннің одан әрі дамуына темір жол байланысының жоқтығы негізгі кедергі болды. Петро-

павл — Ақмола темір жолы Қарағанды станциясына жеткізіліп, 1931 жылдың 1 ақпанында Ақмоладан тұңғыш поезд келді. Қарағандыға шахта жабдықтары, құрылыс материалдары, азық-түлік тиелген вагондар келе бастады.

Сол жылы бассейн құрылысы аумағында пайда болған елді мекеннің маңызын ескере келе, сондай-ақ Қарағанды ауданына бірегей шаруашылық бағытын беру мақсатында Қаз ОАК секретариаты Қарағандыны аудан құрамынан бөліп, жеке бюджеті бар және Қаз ОАК-не тікелей бағынатын Қарағанды поселкелік кеңісін құру туралы мәселе қарады. Жаңа поселкелік кеңестің орталығы болып Үлкен Михайловка селосы белгіленді.

Қала құрылысы мен шахталарды пайдалану адам айтқысыз қиын жағдайларда өтті: техника мен жабдықтар жетіспеді, материалдық жабдықтау нашар болды, адам ресурстарының тапшылығы да айқын сезілетін. Техникалық проблемалар қарағандылықтардың қанағаттанғысыз тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларымен ұштасып, ауыртпашылық тереңдей түсті. Бассейннің қаз тұруына Донбасс шахтерлері үлкен көмек көрсетті. Олар 400-ден астам бідікті жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлерін жіберді.

1931 жылы қалада қуаты 260 квт. Қарағанды электр станциясы іске қосылды, су құбыры құрылысы басталды. Көмірші мамандарды оқыту үшін тау-кен техникумы ашылды.

Сол жылы газеттердің тұңғыш саны шықты: Қарағанды аудандық патрия комитетінің, поселкелік кеңестің және аудандық кәсіподақ кеңесінің органдары 11 қыркүйекте орыс тіліндегі «Большевицкая кочегарка» (қазір «Индустриаль-

ная Караганда»), 4 қазанда қазақ тілінде «Қарағанды пролетариаты» («Орталық Қазақстан») газеттері — жарық көрді. Бұл газеттердің қызметі Қарағанды көмір бассейні мен Қарағанды қаласының құрылу және даму тарихымен тығыз байланысты. 1931 жылы 7 қарашада Қарағанды радиосы тұңғыш рет эфирге шығып, қала тұрғындарына Мәскеу үнін жеткізді.

VIII шақырылған Қаз ОАК секретариатының 1931 жылғы 27 желтоқсандағы мәжілісінде «Қарағандыдағы қазіргі поселкелік кеңес орнына Қаз ОАК-ке бағынатын дербес далалық кеңес ұйымдастырылсын» деген шешім қабылданды. Бұл қаулы тек 1934 жылдың ақпанында бекітілді.

1932 жылдың шілдесінде Қарағанды қалалық кеңесінің бірінші мәжілісі болып өтіп, оның күн тәртібінде «Ағымдағы жағдай және қалалық кеңестің Кеңестер Одағының үшінші көмір базасының құрылысындағы міндеттер туралы» мәселе қаралды.

БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің 1932 жылғы 13 қаңтардағы III кеңейтілген пленумы Қарағандыда тұрғын үй құрылысында қалыптасқан жағдайды талқылап, қала шаруашылығын құрылыс материалдарымен қамтамасыз ету жөнінде нақты шаралар қабылдады. Пленумда «Қарағандыны бүкіл Қазақстан, бүкіл Кеңестер Одағы болып саламыз!» атты ұран көтерілді.

1932 жылғы тамызда Ауыр өнеркәсіп халық комиссариаты Қарағандыдағы тұрғын үй -коммуналдық құрылысқа 8 млн. сом бөлді. КСРО ХКК Ауыр өнеркәсіп Халық комиссариатына «Қарағанды құрылысын ауыр өнеркәсіп Халық комиссариатының ерекше назарында болатын құрылыстар

тізіміне енгізуді» ұсынды.

1932 жылғы 10 наурызда БОАК қаулысымен орталығы Петропавл қаласы болып табылатын Қарағанды облысы құрылды,

Қарағанды тарихына объективті көзқарасты ескере отырып, біз қала тұрғындарының өмірлік жағдайы өте ауыр болғандығын атап өтуіміз керек. Шешек, цинга, асқазан-ішек аурулары, сүзек сияқты жұқпалы аурулар кеңінен тарады. Жыл басында ашқұрсақтыққа байланысты асқазан-ішек ауруларына ұшыраудан шахталардың жұмысында үзілістер көбейді. Цингамен ауыратындардың саны 8 мыңға, асқазан-ішек ауыруымен ауыратындар саны 3,5 мыңға дейін (тек есепке алынғандары) жетті.

Қарағанды маңайындағы аудандардан өз бетімен көшіп келушілердің көп болуына байланысты жағдай қиындай түсті, мысалы 1932 жылдың екі айында ғана Қарағандыға 2700 отбасы (есепке алынғандары) көшіп келді, іс жүзінде мұнан да көп болуға тиісті.

Қарағанды жұмысшыларын жабдықтау мүлде қанағаттанарлықсыз болды. 1932 жылдың 25 мамырынан 1 маусымына дейін жұмысшыларға нан мен ұн орнына жарма берілді Алайда, бұл оларды қанағаттандыра алмады. Жер астындағы 4 мың жұмысшы тіпті ештеңе алмапты, нәтижесінде олар үш күн бойы жұмысқа шықпай «Нан беріндер!» деп талап қойды.

Қазақ даласын қаусатқан ашаршылық халықты Қарағандыға, жұмысшы «паёгіне» қарай бұрды. Сондықтан қаладағы жағдай қатерлі бола бастады.

«Бестіктің» 1933 жылғы 7 қаңтардағы мәжілісінің

хаттамасынан: «Көшіп келгендерді қайтаруға шаралар қолданылуына қарамастан олардың Қарағандыға келуі одан әрі жалғасуда. Қарағандыға өз беттерімен келуді азайту үшін Қарқаралы, Спасск, Баянауыл, Тельман, Шет, Сарысу, Жаңаарқа, Қорғалжын аудандарының жолдарында постылар қою қажет деп саналсын. Қарағанды станциясына келетін әрбір поездың жолаушыларын тексеру міндетті деп есептелсін».

20-шы жылдардың аяғында — 30-шы жылдардың басында, жаппай ұжымдастыру және «Кулактар» деп аталатындарды күшпен көшіру кезеңінде қала халқы бұрынғы Кеңестер Одағының түрлі аудандарынан көшіп келген адамдардың есебінен тез өсті.

БК(б)П Қарағанды қалалық комитеті бюросының 1932 жылғы 7 мамырдағы мәжілісінде Қарағандыда осы кезде 65 мың арнайы көшкіндер мен Карлаг тұтқындары бар екендігі атап өтілді.

30 жылдарда Қарағандының шеткі аймақтарында салынып жатқан шахталар, поселкелермен қоса Жаңа Тихоновкада, Компанейскіде, Федоровкада және т. б. арнайы көшкіндер поселкелері жедел қарқынмен салына бастады. Қарағандыда орналасқан көшкіндер қаланың 70-тен астам кәсіпорындары, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеді. Олардың негізгі бөлігі көмір өнеркәсібімен айналысты. 1934 жылдың 1 қаңтарында Қарағанды көмір бассейнінде жұмыс істеген 10397 адамның 5525-і арнайы жер ауып келгендер екендігі жөнінде мәлімет бар. Олардың Қарағандыға ағылып келуі Кеңес үкіметі 30-шы жылдардың екінші жартысында тұтас халықтарды көшіріп жіберуіне байланысты күшейе түсті.

1932 жылдың 23 шілдесінде «Правда» газеті «Үшінші бүкілодақтық көмір ошағына көмек қажет» деген мақаласында Қарағандыдағы жабдықтау ісі жағдайына егжей-тегжей талдау жасайды.

Газет дабылынан кейін іле БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті мен Қарағанды облыстық комитеті Қарағандыны азық-түлікпен жабдықтау мәселесін қарады. Қала әкіметі Қарағанды еңбекшілерін азық-түлік товарларымен жабдықтауды жақсартуға бағытталған бірқатар практикалық шаралар белгіледі. Жұмысшыларды жабдықтауда тәртіпті нығайтуға қаланың барша жұртшылығы қамтылды. КСРО жабдықтау халкомы 1932 жылдың 1 қыркүйегінен Қарағанды шахтерлерін жабдықтау нормасын Донбаспен теңестірді.

Одақтық, республикалық және қалалық органдардың жүргізген шараларының нәтижесінде тұрғын үй құрылысы мен қала еңбекшілерін азық-түлікпен қамтамасыз етуде жағдай біртіндеп жақсара түсті.

1934 жылдың ақпанында, жоғарыда атап өткеніміздей, БОАК қаулысымен Қарағанды қала деп танылды:

**«Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің Президиумы қаулы етеді:**

**1. Қазақ АКСР-інде мына төмендегі елді мекендер:**

**б) Қарағанды облысының Тельман ауданында — Қарағанды тас көмір бассейнін пайдалану жөніндегі мемлекеттік трест құрылысының аумағында пайда болған елді мекенге «Қарағанды» аты беріліп, қала болып өзгертілсін.**

*Москва. Кремль. 10.02.1934 ж.»*

Міне, осы уақыттан бері 100 мыңнан астам ха-



лқы бар Қарағанды елді мекені қала деп түпкілікті танылды. Қарағанды қалалық Кеңесінің тұңғыш төрағасы болып Дүйсен Тәжібаев тағайындалды.

Кездескен қиындықтарға қарамастан қала зор қарқынмен өсе берді, іске қосылған объектілер қатары жаңа өнеркәсіп орындарымен және тұрмыстық мекемелерімен толыға түсті Қарағандының тұрғын үй аумағы 243 мың шаршы метрді құрады.

Жас шахтерлер мен құрылысшылардың драма үйірмесінен 1932 жылы С. Сейфуллин атындағы қазақ драма театры құрылды. К. С. Станиславский атындағы орыс драма театрының тууы қаланың индустриалдық дамуының қарқынды кезеңіне тұспа-тұс келеді. Ол Түркістан — Сібір темір жол құрылысында құрылған «Жанды газет» үгіт бригадасынан Қазақстандағы ірі театр ұжымына дейінгі даңқты жолдан өтті.

Қалада 30-дан астам клуб мекемелері, 12 кино-театр, 300-ден астам кітапхана мәдени қызмет көрсетті.

1932 жылдан медициналық-санитарлық мекемелердің құрылысы басталды. 1933 жылдың соңына қарай қалада 8 аурухана болды. 1935 жылы Қарағандыда медицина училищесі ашылды, ал 1937 жылы Үлкен Михайловкада хирургия кешені салынды.

30-шы жылдардың басында Майқұдық, Жаңа Тихоновка және Пришахтинск поселкелері салынды. 1934 жылы Жаңа қаланың негізі қаланды.

1935 жылы қала халқының саны 135 мың адамға жетті. Сол жылы жалпы көлемі 10906 шаршы метр кірпіш және тас үйлер салынды. Барлығы 23 жеке үй тұрғызылды. Шахта маңындағы Майқұ-

дық, Тихоновка, Компанейск жұмысшы поселкелерінде құрылыс үлкен қарқын алды.

Қарағандыда қалалық шаруашылықтың тұрғын үй-коммуналдық, жеке үй, мәдени-ағарту және тұрмыстық мекемелер құрылысы кеңінен жүргізілді. Қалада бес кірпіш, цемент және алебастр заводтары, әк-шлак блоктарын шығаратын екі завод жұмыс істеді. Құрылыс жұмысшыларын дайындау азаматтық және өнеркәсіптік құрылыстың өндірістік базасын ұлғайту жұмыстары күшейтілді. Осының бәрінің нәтижесінде қоғамдық тұрғын үй қоры 280664 шаршы метрге дейін ұлғайтылды.

### **Облыс орталығы**

1936 жылғы 29 шілдеде БОАК Президиумының қаулысымен Қарағанды облысының аумағы Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарына бөлінді. Қарағанды қаласы Қарағанды облысының орталығы болды. Облыс орталығы мәртебесіне жеткеннен кейін қала шаруашылығының барлық түрлері кеңінен құлаш жайды.

Қаланың 300 мың тұрғынға арналған бірінші бас жоспарын Мәскеудің жобалау институты 1938 жылы жасаған болатын. Облыс орталығы осы жоспарға сәйкес салынды. 1938-1940 жылдары қоғамдық және мәдени мекемелердің көптеген үйлері, көп пәтерлі тұрғын үйлер пайдалануға берілді. Қаланың қоғамдық тұрғын үй қоры 412113 шаршы метрге дейін өсті. Қала өсіп, көркейе түсті. Осы мақсатқа едәуір қаржы бөлініп отырды.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1938 жылғы 29 маусымдағы қаулысымен Қарағандыда үш аудан құрылды, олар: орталығы Киров

атындағы шахта поселкесі болып табылатын Киров, орталығы Жаңа қаладағы Ленин және Ескі қаладағы Сталин аудандары.

Сол жылы Қаз КСР Халкомсовы қаулысымен мұғалімдер институты ашылды. Оның оқыту мерзімі екі, жылдық тарих және тіл мен әдебиет бөлімшелері болды.

Осы жыл қаланың мәдени өміріндегі бірталай елеулі оқиғалармен аталып өтті: қалалық көпшілік кітапхана (қазіргі Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхана) ашылды, Қарағанды филармониясы жұмыс істей бастады, қуыршақ театры ұйымдастырылды, жануарлар паркі құрылды.

Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарында қарағандылықтардың еңбек белсенділігінің қайнар бұлағы бір күн де толастаған жоқ. Осы қиын уақытта Қарағанды кеншілері шахталарда жан аямай еңбек етті.

### **Қала шежіресі беттерінен**

*1940 жылы тамызда Қарағандыда Ботаникалық бақша ашылды.*

*Ұлы Отан соғысының басталуына байланысты 1941-42 жылдары Қарағандыға бұрынғы Одақтың батыс аумағынан мынадай мекемелер мен кәсіпорындар көшіріліп әкелініп, орналастырылды: Киевтің Леся Украинка атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театры; Астрахань кондитер фабрикасы; Артемовск аяқ киім фабрикасы (оның базасында 1942 жылдың ақпанында Қарағанды аяқ киім фабрикасы құрылды); Донбастан ФЗО мектептері мен кәсіптік училищелері, балалар бақшалары және Харьковтың саңырау балаларға арналған мектеп-интернаты.*

*Соғыс кезінде Қарағандыда 6 эвакуогоспиталь болды, олар мұғалімдер институтында, фельдшер - акушер мектебінде, «Қарағандыкөмір» тресі үйінде, Теміржолшылар клубы мен теміржолшылар ауруханасында орналасты. ҚК(б)П Қарағанды обкомы бюросы мен облаткомның 1941 жылғы 18 қарашадағы бірлескен қаулысына сәйкес Қарағанды облысында майдан аймағынан ауып келген 71200 азаматты, қаланың өзінде 42200 босқынды орналастыру жоспарланды.*

*1941 жылы Ворошиловоградтан эвакуацияланған Пархоменко атындағы машина жасау заводы іске қосылды.*

*1942 жылдың 19 желтоқсанында Нұркен Әбдіров ерлікпен қаза тапты, оған 1943 жылдың мамырында Кеңестер Одағының Батыры атағы берілді.*

*КСРО Көмір өнеркәсібі халкомының 1942 жылғы 16 наурыздағы бұйрығымен «Қарағандыкөмір» тресі жүйесінде Киров, Ленин және Сталин руда басқармалары құрылды, Сол жылдың маусымыяда руда басқармалары «Кировкөмір», «Ленинкөмір» және «Сталинкөмір» мемлекеттік тас көмір трестері болып қайта құрылды. 1943 жылдың маусымында «Ленинкөмір» тресінен «Молотовкөмір» тресі бөлініп шықты*

*1942 жылдың 13 қыркүйегінде Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің «Қарағанды көмір бассейнінде көмір өндіруді ұлғайту жөніндегі шұғыл шаралар туралы» қаулысы, ал 24 қыркүйекте БК(б)П Орталық Комитетінің Қарағанды көмір бассейнінде көмір өндіруді ұлғайту міндетіне байланысты партиялық жұмысты жақсарту жөніндегі шаралар туралы» қаулысы қабылданды.*

*1942 жылдың 25 сәуірінде КСРО Халкомсовы Қара-*

ғанды маңында металл қорыту зауытының құрылысы туралы қаулы қабылдады. Сол жылдың 8 мамырында Қаз КСР Министрлер Кеңесі металл қорыту зауыты құрылыс басқармасын құрды. 1944 жылдың 31 желтоқсанында завод іске қосылып, тұңғыш Қазақстан болаты алынды,

1943 жылдың 9 наурызында Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті «Қарағанды көмір бассейнінде ашық әдіспен көмір өндіруді дамыту туралы» қаулы қабылдады. 1944 жылдың шілдесінде ашық көмір кәсіпорындарын басқару үшін «Қарағандыкөмірразрездері» тресі құрылды.

1943 жылдың 10 маусымында КСРО Көмір өнеркәсібі Халық Комиссариатының бұйрығымен «Қарағандышахтақұрылысы» жүйесінде тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық объектілер құрылысымен айналысатын «Қарағандытұрғынүйқұрылысы» мемлекеттік тресі ұйымдасшырылды.

1943 жылы мамырда Қарағандыда көмір өнеркәсібі Халкомы мемлекеттік ғылыми кітапханасының филиалы — Қарағанды облыстық ғылыми-техникалық кітапханасы ашылды.

1943 жылы тамыз айында Қарағандыда ақындардың республикалық айтысы ұйымдастырылды.

1945 жылы 5 қаңтарда ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Сталин ауданын бөлу негізінде жаңа екі аудан — орталығы Қарағанды-Сортировка елді мекені болып табылатын Теміржол және орталығы №20 шахша елді мекені болатын Шахтинск аудандары құрылды.

1945 жылдың сәуірінде облыстық халық шығармашылығы үйі құрылды. 1945 жылдың 30 мамырында қалада поляк тілінде оқытатын поляк мектеп-интернаты ашылды.

1945 жылы қарағандылық конструктор С. С. Макаров ГKM-1 көмір комбайнын құрастырды.

1946 жылы қалада Орталық мәдениет және демалыс паркі ашылды.

1948 жылы облыстық музыкалық мектеп ашылды, трамвай желісінің құрылысы басталды.

1949 жылы маусымда Қарағандыда ҚазКСР Ғылым академиясының Орталық Қазақстанның өндіріс күштерін зерттеу және игеру проблемаларына арналған көшпелі сессиясы өткізілді.

КСРО Министрлер Кеңесінің 1949 жылғы 2 шілдедегі қаулысымен Қарағанды геологиялық басқармасы құрылды.

1949 жылғы желтоқсанда КСРО Министрлер Кеңесінің «Қарағанды қаласына Қазан стоматология институтын көшіріп, оны медицина институтына қайта ұйымдастыру туралы» өкіміне сәйкес Қарағанды медицина институты ашылды.

1949 жылдың соңында Спасск лагеріндегі жапон әскери тұтқындарының күшімен Қарағандыда филармонияның Жазғы театры (концерт залы) салынды.

1950 жылдың қыркүйегінде Қарағанды облаткомының шешімімен қалада педагогика училищсі құрылды. 1953 жылдың тамызында ол Абай ашындағы Қарқаралы педагогика техникумымен біріктіріліп, Абай атындағы Қарағанды педагогикалық училищсі деп аталатын болды.

1951 жылы 27 қаңтарда КСРО Көмір өнеркәсібі министрлігінің бұйрығымен «Қарағандышахтажобалау» кеңсесі Қарағандының шахта құрылысын жобалау жөніндегі «Қарағандыгипрошахт» мемлекеттік институты болып қайыра құрылды

1951 жылдың қаңтарында таратылған шеберлер

мектебінің базасында Қарағанды индустриалды педагогикалық техникумы құрылды (қазір қаржы-экономикалық университеті).

1951 жылғы 26 сәуірде ҚКБ)П Қарағанды қалалық комитетінің VI пленумында «Кировкөмір» пресі шахталарында «тәулігіне бір цикл» кестесі бойынша лавалардың жұмысын ұйымдастырудың жаңа техникасын енгізу туралы» қаулы қабылданды.

1951 жылдың қарашасында Кеншілердің мәдениет сарайы жұмыс істей бастады.

40-шы жылдардың басында Кеңестер Одағы үкіметі тұтас халықтарды жер аудару жөнінде бірқатар қаулылар қабылдады. Соған байланысты Қазақстанға, оның ішінде Қарағанды облысына немістер, қарашайлар, қалмақтар, чечендер, ингуштар, балкарлар, қырым татарлары, гректер, месхет түріктері және т. б. халықтардың өкілдері көшірілді.

Қазақстан КП Қарағанды обкомының мәліметтері бойынша 1949 жылдың 1 тамызында Қарағанды қаласында 22059 отбасы — 56713 арнайы қоныс аударылғандар тұрды.

Халқымыздың Ұлы Отан соғысындағы жеңісінен кейін Қарағанды қаласының экономикасы мен мәдениетін дамытуда жаңа кезең басталды. Халық шаруашылығын қалпына келтірудің жоспарларын мерзімінен бұрын орындау жөніндегі күресте патриоттық қозғалыстардың небір жаңа түрлері туындады. Жарысушылардың алдыңғы қатарынан үнемі бассейін кеншілері көрініп жүрді Қарағанды кеншілері Донбасс, Кузбасс және Москва маңындағы бассейіннің шахталарымен еңбек сайысына түсті.

Қалада тұрғын үй құрылысы кеңінен етек жай-

ды, егер 1947 жылы 83100 шаршы метр тұрғын алаңы тапсырылса, 60 жылдары жыл сайынғы тұрғын үй көлемі 200 мың шаршы метрге жетті.

1948 жылдың 27 тамызында қала тұңғыш рет Шахтер күнін атал өтті. Дәл осы күні 10 қарағандылық шахтер көмір өндірудегі шахта құрылысындағы тамаша табыстары, еңбекті ұйымдастырудағы озық әдістері үшін Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды, олардың арасында бассейіннің даңқты кеншілері Ж.Әбдірахманов, М.Айтқұлов, П.Ф.Акулов, Т.Күзембаев, Б.Нұрмағамбетов, Д.И.Обухов, Г. Хайруллин, В.Т.Шибаяев, С.Шоманов бар.

### **Қала шежіресі беттерінен**

1951 жылы қалада трамвай қозғалысы ашылды.

1952 жылғы 29 желтоқсанда қалалық Пионерлер сарайы (қазір Балалар мен жасөспірімдер сарайы) ұйымдастырылды.

1952 жылы Қарағанды музыкалық училищесі ашылды, Қарағанды ғылыми -зерттеу көмір институты (КНИУИ) құрылды. Қарағанды мұғалімдер институты педагогикалық институт болып қайта құрылды.

1952 жылы F. Мұстафиннің «Қарағанды» ромамы жарық көрді.

1953 жылғы 19 маусымда КСРО Министрлер Кеңесінің қаулысымен Қарағандыда тау-кен институты ашылды. Жоғары және орта білім министрлігінің 1958 жылғы 4 наурыздағы бұйрығымен ол политехникалық институт болып қайта құрылды (қазір мемлекеттік техникалық университет).

1953 жылғы қарашада облыстық балалар кітапханасы құрылды. Оған 1955 жылдың сәуірінде А. Құнанбаев есімі берілді.

1955 жылдың соңында теміржол вокзалы салынып бітті, оның құрылысын «Қарағандышахтақұрылысы» комбинатының арнайы жұмыстар құрылыс-монтаж басқармасы жүргізді.

1957 жылғы Қазақстан Жазушылар одағының Қарағанды облысаралық бөлімшесі құрылды. Ол Қарағанды, Ақмола, Көкшетау, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарының әдебиетшілерін біріктірді (1966 жылы Қазақстан Жазушылар одағының Қарағанды облыстық бөлімшесі болып қайта құрылды),

1958 жылдың 16 қаңтарында ҚазКСР Министрлер Кеңесінің қаулысымен Еңбек гигиенасы және кәсіптік аурулар ғылыми-зерттеу институты (қазір Физиология және еңбек гигиенасы институты) құрылды.

1958 жылғы ақпанда «Гипрошахтақұрылысмаш» және «Гипрокөмірмаш» ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық институттары филиалдарының негізінде «Қарағандыгипрокөміркенмаш» ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық және эксперименталдық институты құрылды.

1958 жылғы 27 сәуірде спорт сарайы ашылды, оған кейін Н.Әбдіров есімі берілді.

1958 жылы Қарағанды телевизия студиясы құрылды, оның алғашқы телехабары Шахтер күні қарсаңында эфирге шықты.

1958 жылғы 27 қыркүйекте ҚазКСР Ғылым Академиясының химия-металлургия институты құрылды.

1958 жылғы 3 қазанда Кеңес Одағының Батыры Н.Әбдіровтің ескерткіші ашылды.

1958 жылғы 16 қазанда Қарағанды облысы астық сату жөніндегі социалистік міндеттемелерін ойдағыдай орындап шыққаны үшін Ленин орденімен марапатталды.

1958 жылдың қарашасында Қарағанды ХШК және Қаз КСР Министрлер Кеңесінің ғылыми-техникалық комитеті бірлесіп шақырған ҚазКСР ҒА бірлескен ғылыми сессиясы өтті. Сессияның жұмысына Мәскеу, Ленинград, Свердловск, Алматы және басқа қалалардың ғалымдары қатысты. Сессияда көмір өнеркәсібін, түсті және қара металлургияны, химия өнеркәсібін дамыту, аймақты сумен қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

1958 жылы 1 желтоқсанда сыра қайнату заводы іске қосылды.

1958 жылы «Шахтер» орталық стадионы ашылды.

1959 жылғы 16 қаңтарда Қарағанды темір-бетон конструкциялары заводы іске қосылды.

1959 жылғы 29 маусымда Қарағанды сүт заводы пайдалануға берілді.

1960 жылғы 3 шілдеде Қарағанды металлургия заводының №1 домнасы қатарға қосылды. Тұңғыш Қазақстан шойыны берілді.

1960 жылғы 1 желтоқсанда №1 кокс батареясы қатарға қосылып, тұңғыш Қазақстан коксы алынды. Сөйтіп, республиканың қуатты көмір-металлургия кешені нығая түсті.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1961 жылғы 14 қарашадағы жарлығымен Қарағанды қаласының Сталин ауданы Октябрь ауданы болып өзгертілді.

1961 жылы Қарағандыда Қазақтан шет елдермен достық және мәдени байланыс қоғамының облыстық бөлімшесі құрылды, Саяси ағату үйі ашылды.

1962 жылғы 7 қаңтарда көрме залы ашылды.

1962 жылғы 26 шілдеде КСРО Энергетика және электрлендіру министрлігінің бұйрығымен КарГРЭС-

2 құрылысы үшін орта техникалық білімі бар білікті кадрлар даярлауды қамтамасыз ету мақсатында Қарағанды кешкі энергия-құрылыс техникумы құрылды.

1962 жылғы 15 тамызда Қарағанды облысында (Қарқаралы қаласының маңында) космонавт А. Г. Николаев басқаратын «Восток-3» ғарыш кемесі жерге қонды.

1962 жылғы 15 қарашада Қазақстан КП ОК және ҚазКСР Министрлер Кеңесінің қаулысымен Қазақстанның орталық аудандарында құрылыс жүргізу жөніндегі «Главцентрострой» Бас аумақтық басқармасы құрылды.

1962 жылы Ертіс — Қарағанды каналының құрылысы басталды, Кар ГРЭС-2 қатарға қосылды.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1963 ж. 7 қаңтардағы жарлығымен Қарағанды қаласының Киров және Шахтинск аудандары бір Киров ауданына біріктірілді.

1963 жылы 19 маусымда тұңғыш әйел ұшқыш-космонавт В. В. Терешкова басқаратын «Восток-6» ғарыш кемесі Қарағанды қаласынан 620 км. қашықтықта жерге қонды.

1963 ж. Қарағанды жылыту жабдықтары заводы іске қосылды.

1964 ж. Қазақстан Суретшілер одағының Қарағанды бөлімшесі құрылды.

1965 жылдың сәуірінде Қарағанды облыстық кәсіподақтар кеңесінің жанынан 1962 жылы құрылған туризм жөніндегі кеңес Қарағанды облыстық туризм және экскурсиялар жөніндегі кеңесі болып қайтадан құрылды.

1965 жылы қыркүйекте Қарағанды х/ш кеңесі жеңіл және тамақ өнеркәсібі басқармасының қарама-

ғында салынып жатқан шұлық-ұйық фабрикасының дирекциясы құрылды. 1967 жылғы 13 қаңтарда Қарағанды шұлық-ұйық фабрикасы пайдалануға берілді.

1966 жылғы ақпанда Қарағанды жаңа автовокзалы ашылды.

КСРО Министрлер Кеңесінің 1966 ж. 22 наурыздағы және Центрсоюздың 1966 жылғы 9 маусымдағы қаулыларымен Тұтынушылар қоғамы орталық кеңесінің Қарағанды кооператив институты (қазір Қазақ тұтынушылар одағы Қарағанды экономикалық университеті) құрылды.

1966 ж. 31 тамызда ҚазКСР Министрлер Кеңесінің қаулысымен Қарағанды сауда-кулинария техникумы (қазір коммерциялық колледж) құрылды.

1966 жылы Л.Данзбергтің бригадасы проходкадан әлемдік рекорд жасады — бір айда 2523 м кен қазбасы даярланды.

1967 ж. 1 мамырда К. О. Горбачев атындағы шахтада Қарағанды облысындағы тұңғыш еңбек даңқы музейі ашылды.

1967 жылы «Қарағанды» проходка комбайнын жасап шығарған бір топ қарағандылық ғалымдар КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды.

1967 ж. тұңғыш троллейбустар Қарағанды көшесіне шықты.

1968 ж. 1 қаңтарда ҚазКСР Министрлер Кеңесі қаулысымен Қарағанды мәдени-ағарту училищесі құрылды.

1968 ж. 30 қазанында Қарағанды қаласынан солтүстікке қарай 70 км. жерде космонавт Г. Т. Береговой басқаратын «Союз-3» ғарыш кемесі қонды.

1968 ж. 1700 ыстық прокат станы бар қаңылтыр прокаты цехы іске қосылды.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1969 ж. 14

мамырдағы жарлығымен Қарағанды қаласының құрамында Ленин және Киров аудандарын ықшамдау есебінен жаңа Совет ауданы құрылды.

1970 ж. 27 тамызда Қазақстан КПОК және ҚазКСР Министрлер Кабинеті Кеңесінің бірлескен қаулысымен пединституттың дене тәрбиесі факультеті негізінде Қарағанды мемлекеттік дене тәрбиесі педагогика институты құрылды (1997 жылы таратылды).

1972 жылы КСРО ИМ Жоғары мектебі ашылды; сол жылы құрылыстық пластмасса комбинаты құрылды.

1972 жылғы 25 ақпанда ҚазКСР Жоғары және орта арнаулы білім министрлігінің бұйрығымен пединституттың базасында Қарағанды мемлекеттік университеті құрылды, оған 1995 жылы Е. А. Бөкетов аты берілді.

1972 ж. «Октябрь» спорт сарайы ашылды.

1972 ж. Қарағанды бассейнінде көмір өндірудің жоғары технологиясын жасағаны үшін бассейннің 12 қызметкері КСРО-ның Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

1973 ж. қазанында Қарағанды музыкалық-комедия театры ашылды.

1973 ж. Күзембаев атындағы шахтада Бүкілодақтық рекорд жасалды (31 жұмыс күнінде лавадан 177023 тонна көмір өндірілді).

1974 ж. маусымда Қарағандыда Кеңес әдебиеті күндері өткізілді.

1975 ж. мамырда Ұлы Отан соғысында қаза болған жауынгер қарағандылықтар мемориалы ашылды.

1978 ж. 18 қаңтарда Қарағанды шахтерлері бассейні игерілгеннен бері миллиард тонна көмір өндірді.

1978 ж. қаңтарда Қарағандыда академик Е. А.

Бөкетовтің басшылығымен «Халькогендер мен халькогененидтердің химиясы және технологиясы» І-бүкілодақтық кеңесі өткізілді, оған КСРО-ның 37 қаласынан 196 маман қатысты.

1979 жылы Баспасөз үйі пайдалануға берілді.

1980 жылы қараша айында жаңадан салынған «Сарыарқа» әуежайы алғашқы ұшақтарды қабылдады.

1981 жылы «Қарағандышахтақұрылысы» комбинаты, облыстық «Орталық Қазақстан» және «Индустриальная Караганда» газеттері Еңбек Қызыл Ту орденімен, К.С.Станиславский атындағы орыс драматраы Халықтар Достығы орденімен марапатталды.

1982 жылы С. Сейфуллин атындағы қазақ драматраы Халықтар Достығы орденіне ие болды

1983 жылы Қарағандыда 600-інші тұрғын дүниеге келді.

Сол жылы Органикалық синтез және көмір химиясы институты құрылды.

1984 жылы 22 мамырда Д.А.Қонаев салтанатты жағдайда қала туына Еңбек Қызыл Ту орденін қадады.

Осы жылы облыстық филармонияның симфониялық оркестрі құрылды.

1985 жылы «Киров» шахтасы І дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталды.

1986 жылы Күзембаев атындағы шахта Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды.

«Қарағанды. Қарағанды облысы» энциклопедиясы орыс тілінде жарық көрді.

1988 жылы бейнелеу өнері музейі ашылды, III облыстық ақындар айтысы өткізілді.

9 желтоқсанда облыстық филармонияның жанынан құрылған Тәттімбет атындағы халық аспаптар

*оркестрі тұңғыш концерт қойды.*

*1989 жылы қала мен облыс тұрғындары ұзақ үзілістен кейін Наурыз мерекесін тойлады.*

*20-22 шілдеде Қарағанды шахтерлері ереуілге шықты.*

*1990 жылы «Қарағанды. Қарағанды облысы энциклопедиясы» толықтырылып, қазақ тілінде жарық көрді.*

*1991 жылы 20 тамызда облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде осы басылымның бас редакторы Н.Оразбековтың тамыз бүлігін айыптаған «Бұл — төңкеріс!» деген батыл айыптау мақаласы шықты.*

*9 қазанда жерлесіміз, тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіров ғарыш сапарына аттанды.*

70 жылдардың ортасында Жаңа қала құрылысы аяқталды. 70-80 ж. Қарағандыда Одақтар үйі мен Орталық Қазақстан геологялық басқармасының ғимараттары, «Қазақстан» мейманханасы, «Орбита» ресторанының, Орталық әмбебап магазинінің, Тұрмыстық қызмет үйінің, Спорт сарайының, 2 мың орындық цирк ғимаратының құрылысы салынды.

Қарағанды қаласының осы орталық бөлігін жобалағаны және салғаны үшін бір топ архитекторлар мен құрылысшылар 1978 жылы Ш.Уәлиханов атындағы ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығына ие болды. Шынында да Совет даңғылы (қазіргі Бұқар жырау даңғылы) бойында бой көтерген басқа да архитектуралық-композициялық тораптар: темір жол вокзалы, жазғы театр, Кеншілер мәдениет сарайы, қалалық әкімшілік үйі, ал Бейбітшілік бульвары бойында К.Станиславский және С.Сейфул-

лин атындағы драма театрларының ғимараты және басқа үйлер Жаңа қаланың архитектуралық бейнесін айшықтайды.

1968 жылы Республика Министрлер Кеңесі Қарағанды қаласының жаңа бас жоспарын бекітті. Ол бойынша қаланы әлеуметтік және мәдени дамуының негізгі бағыттары белгіленді.

